

**«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ
ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ
Мамыр айында өткізілге іс-шаралар ақпараты.**


«Қазақстан халқының бірлігі күні». Сынып сағаты өткізілді оқушыларды достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу мақсатында."Бейбітшілік – ел тілегі "
1-Мамыр халықтар достығы күніне орай әр сынып әр ұлттың салт - дәстүрі, ұлттық киімдері, өнерін көрсетіп өте тамаша өнер көрсетті.



Отан қорғаушылар күні «Ұранды ердің-ұрпағы қайсар» тәрбие сағаттары өтті. Жас әскери дайындық жетекшісі: Садвакасов Руслан Аманбайұлының дайындығымен оқушыларды сапта жүру өнері көрсетіліп мектепішілік сайыс өтті және ауданға «Сап әндері» өнерімен сайысқа қатысып 2- орынға ие болып келді. Оқушылар грамота, сыйлықтармен марапатталды.



«Таза Қазақстан» атты ағаш егу ЧЕЛЛЕНДЖІ өтті. «9- мамыр –Жеңіс күні
Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы Жеңіс» тәрбие сағаты өтті.«Ер есімі- ел есінде» ескерткішке Ұлы Жеңістің-80 жылдығына орай гүл шоқтары қойылды.




12.05.2025 Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



15-мамыр Отбасы күніне байланысты «Менің отбасым» атты видеоролик жасап инстаграмға жүктеу. Әр ата-ана өз отбасының фотоколлажын жасап соларды жинақтап видеоролик жасалады.



«Менің достарым» тақырыбында спорттық сайыс ойыны өткізілді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері оқушыны ынтымақтастыққа, достыққа баулу мақсатында көңілді сайыс өткізді.



«Мен оқушы боламын» атты дайындық тобының дайындықпен қоштасу және «Қош бол бастауыш» атты кеші өтті. Оқушылар керемет өнер көрсетті. Ата-аналар қатысып тамаша кеш болды.



19.05.2025 Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



5-10 сынып оқушылары «Ұстаз – мектеп жүрегі» атты шығарма жазды. «Мен-Мектеп-Ұстаз» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Жиналыста жыл бойы өткізілген жұмыстардың қорытындылары, алғыстар білдіріліп, марапаттар мен сыйлықтар берілді. Оқушылардың қауіпсіздігін бақылау қатаң ескертілді.



«Гүл жайнамай, бұлбұл сайрамайды» мектеп ауласына гүл отырғызу. Мектеп ауласын гүлдендіріп гүлдер отырғызылады. Мектебімізді көріктендіріп, құрмет тұту мақсатында. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік туралы жиналыс өткізілді.



«Білімім-Отаныма» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Оқушыларға білім ең басты құралы, келешектегі нәрі екені түсіндірілді. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік туралы әр сынып жетекші оқушыларға айтып түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.



«Мектебiм, саған мың алғыс!» атты салтанатты жиын өткiзiлдi. Мектеп тiлектерi өздерiнiң құттықтаулары мен тiлектерiн айтып соңғы қоңырауларын соқты. Оқушыларға марапаттаулар таратылып, мектеп, ұстаздар туралы әндер айтылып оқушылар өте жақсы әсермен тарасты.



Мектеп директоры:  Садвокасова Г.А.

Орындаған: ДТІЖО Боканова.А.С

